

# *Кәсіпкерлік және бизнес негіздері*



" Кәсіпкер – бұл өзіндік көзқарасы бар және жаңа нәрсе жасағысы келетін адам "

*Дэвид Карп*

“Кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәні” кәсіпкерлік қызметтің негізгі ұғымдарымен таныстыруды, өз әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін құзыреттілікті дамытуды, сондай-ақ келешекте өз бизнесін құру және оны тиімді басқаруды қарастырады.

Кәсіпкерлік пәні ретіндегі ерекшелігі-оған басқа пәндерге қолданылатын классикалық оқыту әдістерінің жарамсыздығы. Материалдық бөлімді оқу арқылы, теория жүзінде кәсіпкерлікті үйрену мүмкін емес. Логика және ойға қонымды, саналы және талдаудан өткен, түзетілген және қайталанған әрекеттерді орындау ғана кәсіпкерлік ойлаудың қалыптасуына әсер етеді.

Кәсіпкерлік ойлаудың қалыптасуы білім алушылардың барлығы бірдей бизнеспен айналысады деген сөз емес, бірақ ол болашақ мемлекеттік қызметкерлерге, кез келген ортаның басқарушыларына, нақты бір менеджерлер немесе атқарушы-мамандарға жақсы көмек болады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні 2018 жылдан бастап 10 және 11 сынып оқушыларының оқу бағдарламасына енгізу жоспарланып 2019 оқу жылынан бастап "Бизнес және кәсіпкерліктің негіздері" пәнін жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушыларына таңдау пәні есебінде оқыту жоспарланған. Биылғы оқу жылында осы пәнге жылына 34 сағат бөлініп, аптасына бір рет оқытылуда.

Оқулық төрт тараудан тұрады:

- 1 «Экономикалық құбылыс ретіндегі кәсіпкерлік»,
- 2 «Заманауи жағдайлардағы кәсіпкерлік»
- 3 «Әрекеттегі маркетинг»
- 4 «Ойлау дизайны»

Әр тарау мазмұны қазақстандық және халықаралық тәжірибені ескере отырып, кәсіпкерлік саласының базалық түсініктері мен заңдарын оқып-білуге, кәсіпкерлік ойлауды қалыптастыруға бағытталған.

Қазіргі таңда жастар ғаламтор мүмкіндіктерін кең ауқымда қолданады. Әлеуметтік желі арқылы өздері ұнататын кәсіпкерлер мен танымал тұлғалар әрдайым жастардың назарында. Пән арқылы мектеп оқушылары арасында отансүйгіштік сезімдерін оятып, өмірлік қажетті және тәжірибелік маңызы бар білімді тиімді жеткізуге болады. Бұл мақсатта осы пәнде "геймификация" тәсілі қолданылады.

Геймификация - дегеніміз ақпаратты ойын арқылы жеткізу әдісі.

Халықаралық бағдарламалардың тәжірибесін зерттей отыра, нәтижесінде бұл бағдарлама интерактивті болып шықты және геймификация қағидалары мен бизнес-кейстерді зерделеуге негізделген: 40% - теория, 15% - бизнестен нақты мысалдар, 45% - ойын түріндегі тәжірибелік тапсырмалар. Неліктен геймификацияны алып отыр:

Себебі, кәсіпкерлік дегеніміз тарих немесе математика емес, кәсіпкерлік – бұл әрекет, тәжірибе арқылы оқып, түсіну.

# “MARSHMALLOW CHALLENGE” ойыны

## The Challenge



20 sticks of spaghetti

+



one yard tape

+



one yard string

+




one marshmallow

Monday, March 15, 2010

- бизнес-идеялардың өміршеңдігін тексеру кезінде ұқыпты (Lean) стартап әдіснамасын қолдануды үйрену.





# Кәсіпкерлік ойлау қабілеті дегеніміз не?

*Кәсіпкерлік ойлау қабілеті* — бұл өз ісін ашқысы келген болашақ кәсіпкердің ғана емес, сонымен бірге қазіргі уақыттағы бәсекеге қабілетті болғысы келетін әрбір азаматтың бойында болуы тиіс және де күнделікті дамытуды талап ететін қасиет



## *Кәсіпкерлердің және бизнес-көшбасшылардың қарапайым адамдардан қандай айырмашылығы бар?*

Кәсіпкерлерге ойлаудың үш ерекше қабілеті тән:

- олар белсенді;
- жауапкершілігі мол;
- нәтижеге жетуге ұмтылады.

Мұндай ойлау қабілеті бар адамдар ешқашан дайын нәрсені күтіп отырмайды, олар кез келген істі алдын ала жоспарлайды, өз ісіне сенімді болады және жоспарлаған ісін жарты жолда тастап кетпейді.





# Кәсіпкер

Өз идеясын іске асыру үшін олар жаңа бастамаларды қолға алуға, сондай-ақ іс-әрекетін қатаң қадағалап, кез келген істе жауапкершілік алуға әрдайым дайын тұрады. Егер қиындыққа тап болса, олар бұл жағдай үшін басқа адамдарды немесе жағдаятты кінәламайды, сынамайды және шағымданбайды.

*Кәсіпкерлік ойлау қабілеті — бұл ХХІ ғасырдың қажетті дағдысы болып табылатын өнертапқыштық, яғни өмірде әлі жоқ жаңа нәрселерді ойлап таба алу және іске асыра білу мүмкіндігі.*

## Кәсіпкерге тән негізгі қасиеттер:



- *Тез бейімделгіштік* - жаңа жағдайларға бейімделу мүмкіндігі.
- *Ұтқырлық* - өмірлік жағдаяттарға тез арада жауап беру қабілеті.

Бірақ бүгінгі күнде осы аталған дағдылар кәсіпкерлер мен жалдамалы жұмысшыларға, мұғалімдерге, сарапшыларға, студенттерге барлығына бірдей қажет.

## *Кәсіпкерлік және бизнес*

Кәсіпкерде, бизнесменде адамдар үшін игілік өндірумен айналысады, яғни олар адамдардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, оларға пайда әкелетін өнім өндіреді. Олар тұтынушылардың қажеттіліктерін, яғни олардың өміріндегі қандай да бір жетіспеушілік сезімін қанағаттандыра отырып, нарықтық бағасы мен құндылығы бар нәрселерді өндіреді.



## Жеке кәсіпкер дегеніміз кім?

Біз сіздермен кәсіпкерлер мен бизнес көшбасшылардың ойлау қабілеті бойынша қарапайым адамдардан қандай айырмашылығы барын білдік. Енді олардың бір-бірінен қандай ерекшелігі барын анықтап көрейік.

***Жеке кәсіпкер*** - заңды тұлға құрмайақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

Осы тұрғыдан алғанда кәсіпкерліктің негізгі мақсаты тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін игіліктер өндіру нәтижесінде жүйелі түрде пайда көру болып табылады.

# Кәсіпкер дегеніміз кім?

Бизнес әдебиетке шолу жасай отырып, кәсіпкер мен бизнесменге қатысты бірнеше айырмашылықты табуға болады.

Олардың негізгілері мыналар:

**Кәсіпкер** жаңа идеяларды іске асырады және жаңа тауар жасаумен, қызмет көрсету түрлерін құрумен айналысады,

**Бизнесмен** болса нарық үшін дәстүрлі тауар немесе қызмет көрсету түрін өндірумен байланысты тәуекелі төмендеу салаларда коммерциялық қызметті жүзеге асырады.



Аталған пән оқушыларға не береді? Оның пайдалы тұсы қандай?

"Бұл пәнде тек қана экономика негіздері ғана емес, менеджмент, маркетинг, бизнес, кәсіпкерлік пәндері терең оқытылады. Қоғамды зерттейтін болсақ, қоғамның тек 5 пайызы ғана кәсіпкерлік қабілеті бар азаматтар. Ал қалған азаматтарға кәсіби ойлау қабілетін дамыту керек", — деп атап өтті, экономика ғылымдарының кандидаты Гүлнәр Кәрімова.

Сондықтан негізгі мақсат – жастарды қаршадайынан бизнеске баулып, оларға кәсіпкерлік, экономика негіздері туралы базалық білім беру. Оқулық жаңа мазмұнда дайындалған. Оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, оқушыларды бизнес жоспар құруға да үйретеді.

"Бизнес және кәсіпкерлік негіздері" кітабі өте қызықты. Өйткені мұнда көптеген мәліметтер бар. Және ол жоғары деңгейде дайындалған. Өйткені болашақта экономика саласымен жұмыс істеу үшін ол оқушыларға өте керекті және қажетті негізді береді"

## Күтілетін нәтиже:

Біздің басты мақсатымыз – кәсіпкерлік ойлауды мектеп қабырғасынан дамыту. Кәсіпкерлік, экономика, менеджмент және маркетинг негіздері бойынша оқушыларға базалық білімдер беру: өз таңдауы үшін жауапкершілікке үйрету, кәсіпкерлік ойлау жүйесі белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру; қазіргі заманғы нарықтық жағдайда болашақтағы дербес әрекетіне қажетті дағдылардың практикалық базасын қалыптастыру болып табылады.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**